

бағалауы төмендеп суицидке (күрбымда бар менде жоқ т.с.с) ұшырауы. Сонымен қоса, замануи психологиялық мәселенің бірі «жасанды интеллект» кесірінен ақпараттық технологияға тәуелділіктің өсуіне әкеліп, кейбір танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, ойлау қабілетін төмендетін, қажетті мәселелерді өзбетінше шешуі мүмкіндігін төмендетеді. Осы жасанды интеллектінің адам өміріндегі алатын орны мен оқу процесінде қолданудың оң, теріс жақтарын айта келіп, бір-екі сөз оның ақпараттық технологияда пайда болуын сөз етейік.

Негізінен, «жасанды интеллект» кезінде ғалым А.Тьюринг машина ойлай ала дегенді анықтайтын арнайы өлшем-белгі (критерий) ұсынғануының негізінде пайда болды дей аламыз. Ол осы белгі-өлшемге сәйкес егер сарапшы кең ауқымдағы мәселелер жөнінде диалог жүргізгенде машина жауаптарын ойшыл, парасатты адамнан айыра алмайтындай болса, машина ойлай алады деп тұжырымдады.

Осыған орай, «жасанды интеллект» идеялары адамның жұмысын жеңілдетуге арналған электр-механикалық құрылғылар-интеллекті роботтар жұмысы негізіне салынған. Жасанды интеллект программалары көбіне PROLOG, LISP немесе Smalltalk программалау тілдерінде жасалып, ең алғашқы программалардың бірін жиырмасыншы ғасырдың 50-жылдары А.Ньюэлл, Дж.Шоу және Г.Сайм жасады. Ол бірыңғай тәсілмен бір-біріне ұқсамайтын интегралдар есебі, логикалық бас қатырғышты шешу, теоремаларды дәлелдеу, сөз тіркестерін гамматикалық талдау жасауға қабілеттігі екендігі анықталды [2].

Оқыту процесіндегі бұл жаңа әдістемелік тәсілдің тиімді және керісінше жақтарын түбегейлі зерттеуді талап етеді.

Сонымен, зерттеушілер жасанды интеллектіні оқыту және жұмыс барысында қолдануда үлкен сақтықты талап етеді деп көрсетеді. Себебі жасанды интеллектіні ұйымдастырып отырған адам болғандықтан, адам факторы ұмытылмауы керек. Басқаша болған жағдайда тұлғаның «Мен» концепциясы жоғалуы мүмкін қаупі бар. Әрине, ғылым мен техниканың дамуындағы адамның ойлау қабілетінің өрістеу жемісін де жоққа шығара алмаймыз. Бұлар бірін-бірі толықтырып отыруға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.gov.kz › details>
2. <https://www.unicraft.org › blog › ai-v-obuchenii>

ӘОЖ 378.147

## **БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ**

**Бахтиярова Г.Р., Арыстанова Ж.Қ.**

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан**

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болашақ тәрбиеші-педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Кәсіби тұрғыдан алғанда этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру үдерісі – ұлттық құндылықтарды құрайтын рухани-тарихи мұралар мен салт-дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі болып табылады. Бүгінгі этнопедагогика ғылым саласы халықтық педагогиканың озық тәжірибелері мен білімдерін жүйелеп, оларды педагогика заңдылықтары негізінде қазіргі заманғы оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдануға жол ашады.

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру – олардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі. Бұл үрдіс студенттердің ұлттық негіздегі кәсіби болмысы мен этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырып, тәжірибеде мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен арнайы іс-шараларда халық педагогикасы құндылықтары мен дәстүрлі тәрбиенің әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануға машықтандырып, іскерліктерін жетілдіреді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының «Білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау, ...олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін, ...халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, Отан, отбасы

алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын сезінген, ...Қазақстанда тіршілік етуші қазақ халқы мен басқа да халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек», - деп нақты сараланып көрсетілген [1]. Осы талаптарды негізге ала отырып болашақ педагог-тәрбиешілерге мақсатты түрде, кәсіби білім мазмұнымен сабақтастықта этнопедагогикалық кешенді білім мен тәрбие беру, келешек жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін оятып, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытудың маңызды факторы, әрі кепілі болатыны сөзсіз. Бұл бағытта этнопедагогикалық білім берудің мазмұны тек теориялық сипатта ғана емес, практикалық әрекетпен ұштасуы тиіс. Болашақ тәрбиешінің кәсіби даярлығында халықтың тәрбиелік тәжірибесін меңгеру, ұлттық болмысты тану және оны шығармашылықпен қолдана білу қабілеттері қалыптастырылуы қажет. Этномәдени білім тәрбиешінің тұлғалық дамуына серпін беріп қана қоймай, оның кәсіби-адамгершілік ұстанымдарын да бекітеді. Сол себепті этнопедагогика білім беру мазмұнына тереңдей еніп, баланың әлемін түсінудің, оның ұлттық тамырмен байланысын орнатудың тірек тұғырына айналуы тиіс. Мұндай негізде даярланған тәрбиеші баланың этномәдени ортасына сай тәрбие беруімен қатар, ұлттың рухани-мәдени жаңғыруына үлес қоса алатын тұлға ретінде қалыптасады. Демек, этнопедагогикалық құндылықтарды кәсіби біліммен кіріктіру — болашақ педагогтің ішкі дүниесін байытып, ұлттық идеяны жүзеге асырудың маңызды кепілі болмақ.

Осы орайда біздің зерттеуімізде болашақ тәрбиеші-педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырудың ең алдымен ЖОО-дағы оқыту үдерісіндегі мүмкіндіктерін анықтап, қарастыру көзделеді. Бұл мәселеге сай зерттеу тақырыбын ғылыми теориялық тұрғыдан негіздеп, зерттеу мақсатын жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік жолдарын, оларды практикада жүзеге асырудың бағыттарын талдап, анықтау, яғни, қазақ этнопедагогикасы материалдарын жоғары мектеп жағдайында 6B01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ-ның білім беру үдерісіне енгізудің маңыздылығын жан-жақты саралап, сипаттау маңызға ие.

Этнопедагогикалық мәдениет – бұл халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиелік тәжірибесін, ұлттық салт-дәстүрлері мен құндылықтарын меңгеруге негізделген кәсіби қасиет. Ол болашақ тәрбиешілердің балалармен жұмыс жасауда халықтық педагогиканың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану қабілетін сипаттайды. Этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру тәрбиешілердің этникалық санасын, ұлттық дәстүрлерге деген құрметін және олардың тәрбиелік жұмыстағы маңызын түсінуін дамытады. Тәрбие беру үдерісінде этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор, өйткені ол оқушылардың ұлттық сана-сезімін оятуға, өз халқының мәдениеті мен тарихына деген құрметін арттыруға бағытталған [2].

Сонымен қатар этнопедагогикалық мәдениет – ұлттың рухани мұрасын сақтау мен оны келесі ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы. Ұлттық құндылықтар мен тәрбиелік дәстүрлер кез келген халықтың өмір сүруінің негізгі тірегі болып табылады. Сондықтан этнопедагогикалық мәдениетті дамыту болашақ ұстаздардың кәсіби даярлығында ерекше орын алады. Бұл мәдениеттің мәні – халықтық педагогикадағы тәрбие жүйесін жан-жақты меңгеру және оны заманауи білім беру үдерісінде ұтымды пайдалану болып табылады.

Этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды меңгерту маңызды рөл атқарады. Болашақ педагог-тәрбиешілер халықтық педагогиканы құрайтын құндылықтар жүйесімен танысып, ұлттық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәнін терең түсінген кезде ғана оларды өз тәжірибесінде тиімді қолдана алады. Бұл құндылықтарға халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, ұлттық ойындар және дәстүрлі өнер түрлері жатады. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға, адамгершілік қасиеттерін дамытуға болады.

Этнопедагогикалық мәдениетті дамытудың тағы бір маңызды аспектісі – этнопедагогикалық технологияларды қолдану. Халықтық тәрбие әдістері мен тәсілдерін кәсіби қызметте пайдалану оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтеді [3]. Мысалы, қазақ халқының тәрбие дәстүрлерінде үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, ата-ананы сыйлау, қонақжайлылық және ынтымақтастық секілді құндылықтар ерекше орын алады. Бұл қасиеттерді оқыту барысында тәрбиелік шаралар арқылы жетілдіруге болады.

Этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру үшін мәдени-тарихи мұраны күнделікті педагогикалық тәжірибеде жүйелі, әрі жоспарлы түрде студенттер алдында насихаттау өте маңызды. Әсіресе, оқу үдерісінен тыс өзіндік жұмыстар мен арнайы тәрбиелік іс-шараларда ұлттық өнер, әдебиет пен қолөнер элементтерін пайдалану балалардың өз халқының мәдениетіне деген қызығушылығын арттырады. Ұлттық өнер арқылы жас ұрпақтың эстетикалық талғамы қалыптасып, олардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Қолөнер, музыкалық және би өнері, ұлттық киімдер

мен тұрмыстық бұйымдарды зерттеу – барлығы этнопедагогикалық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.

Бұл орайда орындалған түрлі деңгейдегі зерттеулерге жүргізілген талдаулар бізге этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастау алып, әр білім беру жүйесінің сатысында сабақтастық табуы тиіс, әсіресе, жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлау барысында кеңінен енгізілуі қажет. Өйткені бұл үдеріс студенттер үшін тек халықтың өткендегі тәрбие дәстүрлерін, педагогикалық мәдениетті бойына сіңіріп, үйрену ғана емес, ертеңгі маман иесі ретінде алған білімдерін отандық білім беру жүйесін дамытуда падалануға бейімдеу мен келешек үшін жауапкершілікті тәрбиелеу мәселесін де қамтиды [4]. Ұлттық педагогикадағы озық тәжірибелерді қазіргі заманауи білім беру әдістемелерімен ұштастыру арқылы ғана тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Осыған байланысты, этнопедагогикалық мәдениетті дамыту – ұлттық сананы жаңғыртудың және ұлттық тәрбие жүйесін жетілдірудің негізгі шарты.

Этнопедагогикалық мәдениетті дамытудың басты мақсаты – болашақ тәрбиеші-педагогтардың ұлттық құндылықтарды сақтауға, оларды тәрбие үдерісіне енгізуге және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге даярлау. Бұл мақсаттың маңызы зор, өйткені ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер тек өткеннің тарихы ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы тәрбиенің негізгі тірегі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды сақтау, оларды қазіргі білім беру жүйесіне енгізу және жас ұрпаққа жеткізу – бұл ұлттық сана мен мәдениеттің үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан этнопедагогикалық мәдениет тек ЖОО студентінің жеке қасиеттерін дамыту ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани болмысын нығайту, мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру міндетін де атқарады.

Этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастырудың маңызды аспектілерінің бірі – студенттің ұлттық санасын тәрбиелеу. Ұлттық сана – бұл тұлғаның өз халқының тарихы мен мәдениетін, дәстүрлерін, тілін және ұлттық құндылықтарын түсіну қабілеті. Этнопедагогикалық білімдер мен біліктер жүйесі осы сананы қалыптастыруға бағытталған жүйелі, әрі мақсатты тәрбие үдерісін қамтиды. Сонымен қатар, этнопедагогика арқылы студенттердің адамгершілік қасиеттері мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік туындайды, себебі көптеген ұлттық тәрбие дәстүрлері моральдық қағидаттарға негізделген [5].

Этнопедагогикалық мәдениетті дамытудың тағы бір маңызды аспектісі – бүгінгі ЖОО студенттерінің кәсіби даярлығын жетілдіру. Сондықтан педагогикалық бағыттағы маман кадрлар даярлайтын ЖОО-ның оқу үдерісінде кәсіби даярлықты жүзеге асыратын арнайы пәндер (базалық және кәсіптендіру пәндері) мазмұнына қазақ этнопедагогикасы материалдарының іріктеліп, кәсіби даярлық бағытын ескере отырып, көшенді, әрі жүйелі енгізілуі маңызды деп білеміз.

Болашақ тәрбиеші-педагогтар этнопедагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдарды терең меңгеру арқылы, балалармен оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды ұтымды түрде қолдануды үйренеді. Олар қазақ халқының бай мәдени мұрасын, оның ауыз әдебиеті мен өнері (музыка, сөз өнері мен қолөнері) және мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сай ұлттық ойындарын өз жұмысында пайдалана отырып, тәрбиеленушілерге халықтық тәрбие дәстүрлерін түсіндіру мүмкіндіктеріне ие болады. Тәрбиеші өзінің кәсіби қызметінде халықтық педагогика әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы балалардың дүниетанымын кеңейтін, олардың жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді [6]. Осылайша, этнопедагогикалық мәдениет болашақ тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оларды педагогикалық қызметті жоғары деңгейде тиімді ұйымдастыруға психологиялық, әрі әдістемелік тұрғыдан дайындайды.

Сонымен қатар болашақ тәрбиешілерді кәсіби даярлау барысында цифрлық платформада этнопедагогикалық курстар енгізу, онлайн-кітапханалар мен цифрлық хрестоматиялар ұсыну, педагогикалық практикаларда интерактивті контент жасау дағдыларын дамыту маңызды. Цифрлық трансформация білім беру жүйесінде этнопедагогикалық мазмұнды жеткізудің жаңа, тиімді жолдарын ұсынуда. Болашақ тәрбиеші-педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруда цифрлық технологиялар бірқатар артықшылықтар береді. Атап айтқанда, мультимедиялық құралдар мен анимациялық бейнематериалдар арқылы халық ертегілері, салт-дәстүрлері мен ұлттық ойындар интерактивті форматта ұсынылып, студенттердің қызығушылығын арттырады. Осыған қоса, этнопедагогикаға қатысты онлайн хрестоматиялар, бейнекурстар мен подкасттар цифрлық ортада білім алуға мүмкіндік береді. AR/VR технологияларының көмегімен студенттер қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін, ұлттық киім үлгілерін, салт-жораларын кеңістікте сезініп, жан-жақты тануға қол жеткізеді. Бұл – тек білім беру ғана емес, ұлттық мәдениетпен терең байланыс орнатудың да тиімді құралы.

Цифрлық трансформацияның арқасында болашақ тәрбиешілер тек теориялық білімді ғана емес, тәжірибелік дағдыларды да меңгеруіне жол ашады. Цифрлық құралдардың қолданылуы оқу үдерісінің инклюзивті болуын қамтамасыз етін, білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне жауап береді. Көрін жүргеніміздей, цифрлық технологиялар арқылы білім алу процесі уақыттың және кеңістіктің шекараларын кеңейтеді, бұл өз кезегінде тәрбиешілерге ұлттық мәдениетке қатысты жаңа ақпараттарды дер кезінде әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңа әдіс-тәсілдер мен цифрлық жобаларды қолдану болашақ тәрбиешілердің шығармашылық ойлау қабілетін арттырып, оларды ұлттық тәрбие жүйесінде инновациялық әдістерді қолдануға баулиды. Оқу үдерісіне цифрлық құралдарды енгізу олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өзіндік пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы артықшылықтарды нақты оқу тәжірибесінде қолдану үшін әдістемелік тұрғыдан жүйелі тәсілдер қажет. Біріншіден, этнопедагогика курстары қазіргі білім беру платформаларында (Moodle, Google Classroom) жүргізіліп, оқу процесі онлайн және офлайн форматтарда тиімді ұйымдастырылуы тиіс. Екіншіден, интерактивті сабақ үлгілері мен жобалық оқыту элементтері, мысалы, «Қазақтың отбасы тәрбиесі» немесе «Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні» тақырыптарында онлайн квест, бейнесабақ, викторина немесе ұжымдық презентациялар ұйымдастыру ұсынылады. Үшіншіден, болашақ тәрбиешілердің цифрлық сауаттылығын дамыту мақсатында оларды интерактивті ертегі құрастыру, мультимедиялық контент жасау, ұлттық тақырыптағы мобильді қосымшалармен жұмыс істеуге үйрету маңызды. Осы әдістер арқылы болашақ мамандар этнопедагогикалық құндылықтарды заманауи технологиялармен ұштастырып, оны мектепке дейінгі тәрбие үдерісіне тиімді енгізе алады.

Тұжырымдай келе айтқанда, бүгінгі болашақ тәрбиеші-педагогтың ішкі әлемі бай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігі мол, рухани дамыған және цифрлық трансформация үдерісінде еркін бағдар ұстай алатын тұлға болуы қажет. Осы қасиеттерімен ол мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, этнопедагогиканың практика алаңында өзінің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық шеберлігін көрсетуге мүмкіндік алып қана қоймай, өзінің ұлттық тұлғалық санасы мен мәдениетін қалыптастырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319. – 5 б.
2. Федорова С.Н. Формирование этнокультурной компетентности будущих педагогов: Автореферат д-ра пед. наук. – М., 2006 – 34 с.
3. Коновалова Л.В. Учитель в многонациональном регионе: Программа спецкурса и методические рекомендации для студентов и молодых педагогов. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2000 – 12 с.
4. Кукушин В.С. Этнопедагогика и этнопсихология: учебник для студентов / В.С. Кукушин, Л.Д. Столяренко. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2000 – 8 с.
5. Поштарева Т.Н. Формирование этнокультурной компетентности // Педагогика. – 2005 – № 3 – С. 35-42.
6. Кожаметова К.Ж. Развитие этнопедагогики как науки и учебной дисциплины за годы независимости Казахстана. // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2011. – №3 (34). – С. 30-35.

ӘОЖ 371.31

### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ**

**Бердібай С.Е., Ишанов П.З.**

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан**

Бүгінгі таңда бастауыш мектеп білім беруді дамытудың негізгі бағыты бастауыш мектеп оқушысы дамуына қажетті кеңістікті жасауға және бастауыш мектеп оқушысының жеке дамуы үдерісіне кешенді жетекшілік етуге жағдай туғызумен байланысты болып отыр. Бастауыш мектеп оқушысының өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада өзін-өзі тануына, дамуына, сол ортада жағымды